

# ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТП

*Қазіргі кезде жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыс жасаудың түрлі жағдайлары кездеседі. Мұндай оқиғалар көбіне тәрбие мен бақылаудың жеткіліксіздігінен, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерден туындайды.*

MADE IN: ALUA.G




# Заң, тәртіп + жасөспірім



Жасөспірім – он сегіз жасқа толмаған кәмелетке толмаған адам. Жасөспірімнің құқықтары мен бостандықтары Қазақстан Республикасының Конституциясымен, “Бала құқықтары туралы” заңымен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен қорғалады. Мемлекет жасөспірімдердің өмір сүруіне, дамуына, білім алуына, денсаулығын қорғауға және құқықтарының сақталуына кепілдік береді. Жасөспірімдер заңнамада белгіленген жағдайларда құқықтық және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

## ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ СТАТИСТИКАСЫ

- Қазақстанда 14-17 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтар саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 5-7% өскен
- Негізінен тіркелген қылмыстар: ұсақ ұрлық, бұзақылық (хулиганство), топтық төбелестер.
- Ірі қалаларда (Алматы, Астана, Шымкент) құқық бұзушылық оқиғалары көбірек байқалады.



# НЕЛІКТЕН КӨБЕЙДІ?

- *Әлеуметтік желілердің әсері (зорлық-зомбылық пен агрессияны насихаттау)*
  - *Отбасылық бақылаудың әлсіреуі*
- *Бос уақытты дұрыс пайдаланбау, қызығушылықтың жоқтығы*
  - *Құқықтық сауаттың төмендігі*

Заң мен тәртіптің қатаң түрде сақталуы, Қазақстан Республикасының әрбір азамат пен азаматшасынан басталады! **Еліңді жақсы жағынан көргің келсе, өзіңнен баста!**

# БАЛА ҚҰҚЫҒЫ, КОДЕКСТЕР

## БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 8-бап – Баланың өмір сүруге, дамуға құқығы бар.
- 9-бап – Баланың ата-анасында тәрбиелену және отбасымен бірге өмір сүру құқығы бар.
- 10-бап – Баланың пікір айту және ақпарат алу құқығы.
- 11-бап – Балаға қатысты кемсітушілікке жол берілмейді.

## ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНЕН (ҚК)

- 15-бап – Қылмыстық жауапкершілік жасы:
  - 14 жастан бастап кейбір ауыр қылмыстар үшін (кісі өлтіру, зорлау, тонау т.б.).
  - 16 жастан бастап толық жауапкершілік.
- 120-бап – Жасөспірімдерге қарсы жасалған жыныстық сипаттағы қылмыстар үшін қатаң жаза қолданылады.
- 140-бап – Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау.
- 131-бап – Кәмелетке толмағанға балағат сөздер айту немесе кемсіту.

## ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІНЕН (ӘҚБТК)

- 442-бап – Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңсыз жүріп-тұруы (сағат 23:00-ден кейін ата-анасыз жүруге болмайды).
- 435-бап – Кәмелетке толмағандардың ұсақ бұзақылығы (мысалы, қоғамдық орында ұрысу, балағат сөз айту).
- 127-бап – Баланы еңбекпен пайдалануға жол берілмеуі.

## НЕКЕ (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛЫҚ) ЖӘНЕ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ КОДЕКСІНЕН

- 73-БАП – БАЛАНЫҢ АТА-АНАСЫМЕН ТҰРУ ҚҰҚЫҒЫ.
- 75-БАП – БАЛАНЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ.
- 77-БАП – БАЛАНЫҢ ПІКІРІ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ЕСКЕРІЛЕДІ (МЫСАЛЫ, ОНЫ БАСҚА ОТБАСЫҒА АСЫРАП АЛҒАНДА НЕМЕСЕ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІН ӨЗГЕРТКЕНДЕ).



“БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ” ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ  
2002 ЖЫЛЫ, 8 ТАМЫЗДА ҚАБЫЛДАНҒАН



«ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІ – ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ. ӘРБІР АЗАМАТ  
ЗАҢҒА БАҒЫНУҒА МІНДЕТТІ. ЖАСТАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫ ҚҰРМЕТТЕУГЕ  
ТӘРБИЕЛЕУ – МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ ІСІ.»

**Нұрсұлтан Назарбаев**  
**Халыққа жолдауы.**

